- айналу бағытын көрсететін меңзер,
 - айдалатын ортаны беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы,
- міндетті түрде сақталуы және оларды кезкелген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

1.3 Қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ монтаждауды орындайтын қызметкерлердің атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Қызметкерлер құрамы жауап беретін және ол білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге қазіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

Ескертпе

Жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарға кіріспес бұрын атаулы құжатты мұқият пен нұсқауды (Quick Guide) оқып алу керек. Жабдықты монтаждау мен пайдалану атаулы құжатқа сәйкес, сонымен қатар жергілікті нормалар мен ережелермен сәйкес жүргізілуі керек.



1.4 Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарды сақтамаудың зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан қызметкерлер өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, орындау

Жұмыстарды атқару кезінде монтаждау және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектерді бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен монтаждау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және монтаждау жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жетіктікті танысқан білікті мамандамен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Монтаждау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған

жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі. Бұл символды сіз қауіпсіздік техникасы нұсқаулығымен қатар таба аласыз. Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз еітуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты сенімді пайдалануға тек «Қолданылу аясы» бөліміне сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті рауалы мөндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты жабық вагондарда, жабық машиналарда, өуе, өзен не болмаса теңіз көлігімен тасымалдаған жөн.

Механикалық факторлардың әсерлері бөлігіндегі жабдықты тасымалдау шарттары 23216 Мемстандарты бойынша «С» тобына сәйкес келуі тиіс.

Тасымалдаған кезде жабдық өздігінен жылжып кетуді болдырмау мақсатында көлік құралдарына мықтап бекітілуі тиіс.

Сақтау шарттары 15150 Мемстандарттың «С» тобына сәйкес келуі тиіс.

Ең көп тағайындалған сақтау мерзімі 2 жыл.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескерту
Осы нұсқаулықтағы талаптарды орындамау адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті салдарларға ұшыратады.

Назар аударыңыз

Жабдықтың бұзылуы, сонымен қатар оның ақаулануын тудыруы мүмкін болатын қауіпсіздік техникасы бойынша талаптар.

Нысқау

Жұмысты жеңілдететін және құрылғыны қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін ұсыныстар немесе нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Атаулы Нұсқаулық MQ. Сорғы қондырмасына таратылады.

MQ – бір жалпы торапқа біріктірілген сорғы, қозғалтқыш, қысымды бак пен басқару жүйесінен тұратын сумен қамтамасыз етуінің жиынтық қондырғысынан тұрады.

Төменгі шуыл деңгейімен MQ қондырғысы үй-жай ішінде, сонымен қатар ашық ауада да орнатыла алады.


Өзі сорып алатын сорғы сорып алатын келте құбырда кері клапанымен жабдықталған.

Сорғыда оңтайлы басқару панелі бар (1-қосымшаны қараңыз).

Сорғыға келтірілген қысым бағы қондырғыда саңылау пайда бола қалған жағдайда іске қосулар мен тоқтаулардың санын қысқартуға көмек береді.

MQ сорғысында қызып кету мен «құрғақ» айналымнан келтірілген қорғаныш жүйесі.

Фирмалық тақташ



1- сурет. Фирмалық тақта мысалы

- 1 – сорғының шартты типтік мәні;
- 2 – ең көп беріліс (m^3/car);
- 3 – қысым (м);
- 4 – ток жиілігі (Гц);
- 5 – жүйедегі ең көп қысым (МПа/бар);
- 6 – оқшаулау класы;
- 7 – дайындаушы атауы;
- 8 – сериялық нөмір номер;
- 9 – аударып қотару сұйықтығының ең жоғары температурасы ($^{\circ}C$);

- 10 – қорғаныс дәрежесі;
- 11 – дайындаушы ел;
- 12 – сәйкестік белгісі;
- 13 – тұтынатын қуат P1 (Вт);
- 14 – (A) толық жүктемесінде (B) кернеуі;
- 15 – өнім нөмірі.
- 16 – Өндіріс коды (1-ші және 2-ші сандар = жыл; 3-ші және 4-ші сандар = күнтізбелік апта)

Типтік мәні

Мысалы	MQ	3	-35	A	-O	-A	BVBP
Сорғы типі							
Номиналды шығын [m^3/h]							
Қысым [м]							
A орындау коды:							
Стандартты							
Құбыр байланысының коды							
A Материал коды:							
Стандартты							
Білікті тығыздау коды							

5. Орам және жылжыту

5.1 Орау

Құрылғыны алу барысында тасымалдау кезінде алынған ақаулардың болуына орау мен құрылғының өзін тексеріңіз. Орауды тастар алдында оның ішінде құжат немесе ұсақ бөлшектер қалып қоймағандығын мұқият тексеріңіз. Егер алынған құрылғы сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге жүгініңіз.

Егер құрылғы тасымалдау барысында ақауланған болса, тасымалдау компаниясымен байланысыңыз немесе жабдықты жеткізушіге хабарлаңыз.

Жеткізуші мүмкін ақауларды қарау құқығының мүмкіндігін өзіне қалдырады.

5.2 Жылжыту



Ескерте
Көлмен атқарылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалардың шектеулерін сақтаған жөн.

Назар аударыңыз

Жабдықты қоректендіру кәбіленен ұстап көтеруге тыйым салынады.

6. Қолданылу аясы

MQ сорғы қондырмаларының тағайындамасы:

- гидробактармен бірге жұмыс барысындағы қысымның артуы (3 бар кірісіндегі ең көп қысым);
- құдықтан сумен қамтамасыз ету (сорудың максималды биіктігі - 8 метр).

MQ сорғы қондырмаларын қолдану облысы:

- жеке үйлерде,
- жазғы үйлер мен саяжайларда,
- фермаларда,
- бақтар мен басқа да бау-бақша шаруашылығында.

Сорғыны жаңбырлы, сол сияқты ауыз суын аударып қотару үшін қолдануға болады.

Сорғының сорып алуының максималды биіктігін диаграмма бойынша анықтауға болады (2-қосымшасын қараңыз).

Мысалы:

Егер сорып алу биіктігі 2,5 метрді құрайтын болса, сорып алатын құбыр 24 метрден аспауы керек.

Жұмыс сұйықтығы: қатты бөлшектер немесе талшықтардан тұрмайтын агрессивті емес аз тұтқыр, таза.

7. Қолданылу қағидаты

MQ сорғысының жұмыс қағидаты кіріс келте құбырынан шығысына қарай қозғалатын сұйықтық қысымының артуына негізделген. Қысым арту білік арқылы жұмыс дөңгелегімен біріктірілген электр қозғалтқышының роторына статор электрі қозғалтқышының айналымынан электрлі магниттік энергия берілісі жолымен орын алады. Сұйықтық сорғының кіріс келте құбырынан жұмыс дөңгелегінің орталығына және оның түбіндегі күрекшеге қарай ағады. Сыртқа тебуші күштің жылдамдығымен сұйықтық артады, сәйкесінше шығыс келте құбырында қайта түзілетін кинетикалық энергия өсетін болады. Сорғының корпусы сорғының келте құбырының бағытына жұмыс дөңгелегінен сұйықтық жиналатындай етіп жасалған.

Сорғы су тұтынуының сумен қамтамасыз ету жүйесінде туындауы барысында автоматты түрде жіберіледі және су тұтынуы басылғаннан кейін тоқтайды.

8. Құрастыру

Монтаждау бойынша қосымша ақпарат Қысқаша Нұсқаулықта (Quick Guide) көрсетіледі.

Нысқау *Сорғының пластиктік бөлшектерін бұрау уақытында шамадан тыс күш салмаңыз.*

Сорғының құрылымы күн радиациясына тұрақты болып келеді, сорғыны ғимараттың ішіне, сонымен бірге сыртқа аулаға да орнатуға болады. Ғимараттың сыртына монтаждау барысында сорғыны атмосфералық әсерден қорғау ұсынылады.

Сорғыны монтаждау жұмысын үнемі тіреу бағанада, сорып алатын келте құбырда көлденең, қысымдыны – тігінен орналастырып жүзеге асыруға болады.

Сорғыны көлденең орналастыруға болады.


Көлбеудің рұқсат етілген ең үлкен бұрышы: $\pm 18^\circ$ (2-суретті қараңыз).




2- сурет. MQ көлденең орнату

Сорғы негіз плитада орналасқан саңылау арқылы негізгі мықты бұрандамен бекітілуі керек (3-суретті қараңыз).

Бұрандаға арналған саңылау қолданар алдында жоюға тура келетін пластиканың жұқа қабатына ие (4-суретті қараңыз).



3- сурет. Негіз



4- сурет. Саңылаудан пластик қабатын болты үшін алып тастау


TM01 9691 2600

TM01 9692 2600

TM05 5156 3412

Сорғыны қосу ісін жеңілдету үшін, сорғы келте құбыры $\pm 5^\circ$ шегінде икемді орындалған. Магистральға қосылу барысында шамадан тыс күш жұмсамаңыз.

Сорғы G 1 бұрандалы қосылымдармен сорғының сорып алатын және қысымды келте құбырында оларды орнату үшін жеткізіледі (5-суретті қараңыз).




5-сурет. Сорып алатын және қысымды желіні MQ сорғы қондырмасына монтаждау

Сорғының құю және пайдалану уақытында кері тоқты жібермейтін келтірілген кері клапаны бар.

Созылыңқы құбырды монтаждау:

Кері клапан сорғымен бірге жеткізіледі. Осы кері клапанды сорып алатын сорғының келте құбырында орнату ұсынылады.

Егер сорғы ұзын құбырда монтаждалса, онда сорғы алдында және одан кейін құбырлар сорғының келте құбырына жүктің түсуін болдырмайтындей сәйкес тіреуімен орнатылуы керек. Егер сорғы суды құдықтан беретін болса, кіріс сорғы желісіне қабылдау клапанын орнату ұсынылады (6-суретті қараңыз).



6-сурет. Созылған құбырды монтаждау

Егер икемді сорып алатын желіні жабдықтау ұсынылатын болса, онда осы мақсаттар үшін арматураланған қысымды жеңдер қолданылуы керек.

Сорғының құрылымы табиғи салқындатуды қарастыратын болғандықтан, оны салқындату үшін монтаждау барысында сорғының айналасына бос кеңістік қамтамасыз етудің қажеті жоқ, сонымен қатар монтаждау орнында желдетуге байланысты ешқандай талап қойылмайды.

9. Электр жабдықты қосу



Ескерту
Электр жабдығын қосу жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы керек.


Сорғының басқару блогында қандай да бір жұмыстарын жүргізер алдында қуат кернеуін кем дегенде 5 минутқа ажыратып қою керек.



Сорғыны жерге тұйықтау керек (PE). Сорғыны суға толтырылуына (қуяға) дейін жіберуіне болмайды.


Жұмыс кернеуі мен жиілігі фирмалық тақташада көрсетілген (4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер бөлімін қараңыз). Электр қозғалтқышы сипаттамалары электр қуаты қайнарына монтаждау орнында қолданылатын параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз.

Сорғы қорғанысты жерге тұйықталу талшығына ие болатын резеңке қабықшадағы көпталшықты электр кабелі арқылы желіге сенімді түрде қосылуы тиіс. Желілік кабель алмастырыла алады (7-суретті қараңыз).



7-сурет. Желілік кабельді алмастыру

Сорғының желілік кабелі қуат кернеуінің көзіне қосылуы керек. Кабель қосылған уақытта қызыл және жасыл түсті жарық индикаторлары жанады (8-суретті қараңыз).



8-сурет. Желілік кабельді орнату барысындағы жанып тұрған индикаторлар

TM01 9698 2600

TM01 9694 2600

TM01 9693 2600

TM01 9695 2600

Генератор немесе инвертор

MQ генератордан немесе инвертордан жұмыс істеуі мүмкін. Дегенмен егер генератор немесе инвертор шығыста талап етілген қысым мен қуатты берген жағдайда ғана сорғының тиісті жұмысы қамтамасыз етіледі.


Назар аударыңыз

10. Пайдалануға беру

Электр жабдығын қосу бойынша қосымша талаптар Қысқаша Нұсқаулықта (Quick Guide) келтіріледі.

Барлық бұйым дайындаушы зауытынан қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді. Орнатылу орнындағы қосымша сынақтар талап етілмейді.

Пайдаланар алдында бастапқы сорып алуды қамтамасыз еті үшін, 4,5-тен 5 литрге дейін су құю керек (9-суретті қараңыз). Сорғы өзі сорғыш болып табылады, сорыуының максималды биіктігі 8 метрді құрайды.



9-сурет. Сорғыны толтыру

Желілік ажыратқышты «Іске қосулы» күйіне ауыстырған соң, аударып қотару сұйықтығын соруды бастайды. Егер сору үдерісі аяқталған болса, қондырма пайдаланудың қалыпты режиміне түседі

Егер өзі сорып алу үдерісі 5 минут ішінде аяқталмаған болса, қондырма автоматты түрде тоқтап 30 минуттан кейін қайта жіберіледі.


Алайда авариялық режимді қолмен қайтаруға болады (11.1 Басқару панелі бөлімін қараңыз).

Жабдықтың ұзақ уақыттар бойы тұрып қалуынан кейінгі пайдалануға енгізу.

Бастапқы жіберілім алдында, сонымен қатар сорғының ұзақ уақыттар бойы тұрып қалғанынан кейін, сақталымды пайдаланусыз роторын қолмен бұрау керек.

Нысқау

Сыртқы қақпақтағы бітегіш сәйкес құрал көмегімен монтаждала алады (10-суретті қараңыз). Егер сорғыдан сұйықтық төгілсе, онда пайдалануға қайта енгізуде оны аударып қотару сұйықтығымен қайта толтыру керек (9-суретті қараңыз).



10-сурет. Роторды қолмен бұрау

Білік тығыздауын жүргізіп бейімдеу

Білік тығыздауының жұмыс беті аударып қотару сұйықтығымен майланады, сондықтан да тығыздау арқылы осы сұйықтықтың біразы төгілуі мүмкін.

Сорғыны бірінші іске қосу кезінде немесе жаңа білікті тығыздауын орнату барысында азау деңгейін қабылданарлыққа жеткенге дейін қосымша жұмыстарының біршама кезеңі талап етіледі.

Осы кезеңнің ұзақтығы пайдалану талаптарынан байланысты болады, яғни талаптардың әрбір өзгерісі жұмыстың жаңа кезеңін білдіреді.

Қалыпты жағдайларда ағатын сұйықтық буланып кетеді де, ағу білінбей қалады.


11. Пайдалану

Бұйымды пайдалану туралы қосымша талаптар Қысқаша Нұсқаулықта (Quick Guide) келтіріледі.

11.1 Басқару панелі

MQ сорғысымен басқару басқару панелінің көмегімен жүзеге асырылады (11-суретті қараңыз).

Басқару панелінің іске қосу/тоқтату функциялары бар. Сорғыны баптау мен оның пайдалану күйін индикаторлар көмегімен көрінеді.









11-сурет. Басқару панелі

TM01 9696 2600

TM01 9684 2600

Басқару панелінің функциялары келесі кестеде сипатталады:

Иллюстрация	Сипаты
1 	Жарық индикаторы (қызыл): Егер жарық индикаторы жанып тұрса, сорғы күту режимінде тұр.
2 	Қосу/ажырату түймелері: Сорғыны іске қосу/тоқтату қосу/ажырату түймелері арқылы жүзеге асырылады. Қосу/ажырату түймелері авариялық күйінің қолмен түсірілуі үшін қолданылады: • түсіру үшін бір рет басыңыз; • кейін жіберу үшін тағы бір рет басыңыз.
3 	Жарық индикаторы (жасыл): Сорғының жұмысқа дайындығын білдіреді. Егер жарық индикаторы жанса, сорғы су тұтынуы туындауы барысында автоматты түрде жіберіледі. Су тұтынушылығы тоқтатылғанда, сорғы кем дегенде 10 секунд ішінде ажыратылады.
4 	Сорғы қосуы (жасыл): Жарық индикаторы сорғының жұмыс істеп тұрған уақытында жанып тұрады.
5 	Автоматты түсірілім (жасыл): Атаулы функция сорғының стандартты орындалым барысында белсендіріледі. • Егер жарық индикаторы жанып тұрса, бұл автоматты түсірілім функциясының белсендірілгендігін білдіреді. Ақаудың авариялық сигналынан кейін сорғы 24 сғат бойы әрбір 30 минут сайын қайта жіберілетін болады. Осы кезең етуі барысында сорғы ажыратылады және қайта іске қосылмайтын болады. • Егер жарық индикаторы ажыратылған болса, онда автоматты түсірілім функциясы белсендірілмейтін болады. Авариялық жағдайдан/ақаудан кейін, сорғы тоқтап қалады және қайта қосылмайды. Автоматты түсірілім функциясын қосу/ажырату түймесін басу және 5 секунд бойы ұстап тұру арқылы белсендіруге/ белсендіруін тоқтатуға болады. Ескертпе: Су тұтыну режиміне байланысты сорғы автоматты түсірілім индикаторы жану-жанбауына байланыссыз түрде қосылады және тоқтатылады.
6 	Авариялық сигнал (қызыл): Егер қондырма авариялық режимде болса, жарық индикаторы жанып тұрады. Авариялық режим мына факторлардан туындауы мүмкін: • «құрғақ» айналым • қызып кету • козғалтқышты қайта қосу • козғалтқышты қондырманың қайшыланып қалуы • жиі қосылулар/тоқтаулар (индикатор жыпылықтайды). 11.2 Қондырманың тоқтату бөлімін қараңыз.

Сорғыны баптау сорғыны басқару жүйенің ЖҚ-на жазылып алынады. Егер қуат беруде жаңылыс кететін болса, сорғы автоматты түрде қуат кернеуінің берілісін қайта қалпына келтіруінің барысында өзінің жұмыс режиміне қайта оралады.

Нұсқаулар

11.2 Қондырманы тоқтату

Қондырдың ішінде ажырату беретін электрондық жүйе басқару функциясы орналасқан:

- «құрғақ» айналым
- кызып кету
- қозғалтқыш қайта қосылуы
- қозғалтқыш/сорғы қайшыланып қалуы
- жиі жүргізу/тоқтау («Alarm» индикатордың жылтырауының) сылтауы:
 - сорып алатын құбырдан ағу
 - аққан кранда
 - унитазда.

Қандай да бір ақау барысында, егер автоматты түсірілім функциясы белсендірілген болса, сорғы 30 минут өткен соң (24 сағат бойы), автоматты түрде қайта қосылатын болады (басқару панелінде жасыл түсті индикаторы жанып тұр) (11.1 Басқару панелі тарауындағы кестеден 5-тармақты қараңыз).



Қысымды су сақтайтын қойманы әрбір қайта бұзуының алдында онда желдеткіш клапанының көмегімен қысым тастау керек.

12. Техникалық қызмет көрсету

Бұйым өзінің қызметтік мерзімінің ішінде техникалық қызмет көрсетуді және кезеңдік диагностиканы талап етпейді.

13. Істен шығару


MQ қондырмасын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратулы» күйіне ауыстыру керек.



Желілік ажыратқышқа дейінгі орналасқан барлық электр желісі кернеу астында болады. Сондықтан жабдықтың кездейсоқ немесе санкциясыз оын байланысының алдын алу үшін желілік ажыратқышты блоктау керек.

14. Төмен температурадан қорғау

Мұздап қалу қаупі барысында сорғыдан саңылауы арқылы барлық сұйықтығын төгіп тастау керек және қысымды келте құбырдағы бұранданы босатыңыз (12-суретті қараңыз). Сорғыны пайдалануға қайта енгізу барысында оны аударып қотару сұйықтығымен толтыру керек (9-суретті қараңыз).



12- сурет. Сорғыны босату

TM01 9697 4403

15 Техникалық сипаттамалар

Пайдалану талаптары

	MQ 3-35	MQ 3-45
Жоғары қысым [бар]	3,5	4,5
Жүйенің ең жоғары қысымы [бар]	7,5	
Сорып алуының ең жоғары биіктігі [м], 2-қосымшасын қараңыз	8	
Қоршаған ортаның ең төмен температурасы [°C]	0	
Қоршаған ортаның ең жоғары температурасы [°C]	45	
Сұйықтықтың ең төмен температурасы [°C]	0	
Сұйықтықтың ең жоғары температурасы [°C]	35	
Таза массасы [кг]	13,0	
Дыбыс қысымының деңгейі [дБ(A)]	< 70	
Су сақтайтын орын сиымдылығы [л]	0,16	
Су сақтайтын орындағы ауа қысымы [бар]	1,5 - 1,7	
50 Гц:		
Ең көп шығын [м³/ч]	4,5	
Байланыс	G 1	

Электр жабдығының деректері

	MQ 3-35	MQ 3-45
Корпусты қорғау дәрежесі		IP54
Оқшаулау класы		B
Қорек кабелі		2 м, H07RN-F
50 Гц:		
Өзгермелі ток кернеуі [В]	1 x 220-240 В -10/+6%	
Тұтынатын қуат, P _i [Вт]	850	1000

Көлемдер

Ірі көлемін 3-қосымшадан қараңыз.

16. Ақаулықтың алдын алу және жою

Ақауы	Себебі	Ақауды жою
1. Қондырма жұмысын бастай алмайды.	a) Судың жетімсіздігі.	Судың берілісін тексеріңіз/сорып алғыш желісін жөндеңіз.
	b) Сұйықтықтың тым жоғары температурасынан қызып кету (+35 °C жоғары).	Сорғыға салқын судың берілуін жүзеге асыру.
	c) Сорғының сыналануынан/ бітелуінен қызып кету.	Өзіңіздің қондырманы жеткізушіңізбен байланысыңыз.
	d) Тым төмен немесе тым жоғары кернеу.	Кернеу берілісін тексеріңіз және мүмкіндігіне қарай ақаулықтарын жойыңыз.
	e) Қуат көзі жоқ.	Қуат көзін іске қосыңыз.
	f) Судың берілісі жоқ.	Кранды ашыңыз. Шығару құбырының жоғарғы бөлшегі мен сорғының арасындағы биіктік 15-ге асып кетпейтіндігіне көз жеткізіңіз.
	g) Авариялық режимдегі орнатылым.	Іске қосу/ажырату түймелерінің көмегі барысында авариялық сигнал түсірілімін жүзеге асырыңыз. <i>11.1 Басқару панелі</i> бөліміндегі кестедегі 2-бармақты қараңыз.
2. Сорғы тоқтамайды.	a) Құбыр жетегінің қолданыстағы жүйесі ағады немесе ақаулы.	Құбыр желісін жөндеңіз.
	b) Кері клапан блокталған немесе жоқ.	Клапанды тазартыңыз немесе кері клапанды орнатыңыз.
3. Сорғы жұмыс уақытында тоқтап қалады.	a) «Құрғақ» айналым.	Су берілісін тексеріңіз/сорып алатын желіні жөндеңіз.
	b) Сұйықтықтың тым жоғары температурасынан қызып кету (+35 °C жоғары).	Сорғыға салқын сұйықтық берілісін жүзеге асырыңыз.
	c) Қызып кетунің мезімі: – қоршаған ортаның жоғары температурасымен (> 45 °C) – қозғалтқыштың шамадан тыс қозғалуы – қозғалтқыш/сорғымен сыналануынан туындаған қызып кетулер.	Өзіңіздің қондырманы жеткізушіңізбен хабарласыңыз.
	d) Қуат көзінің тым төмен кернеуі.	Кернеу берілісін тексеріңіз және мүмкіндігінше ақауын жойыңыз.
4. Сорғы жұмыс уақытында сөніп қалады. Авариялық режим индикаторы жыпылықтайды.	a) Жиі жүргізу/тоқтату себебі: – сорып алатын құбырдағы ағу – кран ағуы – унитаздағы судың ағуынан туындаған жиі іске қосулар/тоқтаулар.	Су берілісін тексеріңіз/сорып алатын желіні жөндеңіз.

Ақауы	Себебі	Ақауды жою
5. Сорғы тым жиі қосылады және тоқтатылады.	а) Сорып алу желісіндегі ағу немесе суда ауаның болуы. б) Қысым бағында тым төмен не жоғары қысым.	Су берілісін тексеріңіз/сорып алатын желіні жөндеңіз. 15. <i>Техникалық сипаттамалар</i> бөлімін қараңыз.
6. Сорғы электр тогымен ұрады.	а) Нашар жерге тұйықталу.	Сорғыны жерге тұйықталуын жергілікті ережелер мен нормаларға сәйкес қосыңыз.
7. Сорғы су берілісінің болмауында қосылады.	а) Ақаулы кері клапан не құбыр ағады не ақаулы.	Кері клапан немесе құбырды жөндеңіз.

Егер сорғы ақауды жойғаннан кейін қосылмаса, өзіңіздің сорғыны жеткізушіңізбен немесе Grundfos компаниясымен қосымша ақпарат алу үшін хабарласыңыз.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған құрылғы, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

18. Дайындаушының кепілдігі

Дайындаушы-кәсіпорын:

«GRUNDFOS Holding A/S»*

Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания

* нақты дайындау елі фирмалық тақташада көрсетілген.

Жабдықтың қызмет көрсету мерзімі 10 жыл.

Барлық жабдыққа дайындаушы-кәсіпорын сатылған күннен бастап 24 айға кепілдік береді.

Бұйым сатылған кезде сатып алушыға Кепілдік талоны беріледі.

Нұсқамалау беру талаптары

Нұсқамалау Grundfos Сервистік орталығына (мекен-жайы Кепілдеме талонында көрсетілген) беріледі, сонымен қатар дұрыс толтырылған Кепілдеме талонын да беру қажет.


Техникалық өзгерістер мүмкін.

Приложение 1.




TM01 9873 2600

Приложение 2.



TM02 7856 4303

Приложение 3.



TM01 9799 3300



RU

Насосные установки MQ сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).
Сертификат соответствия:
№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00687 срок действия до 24.04.2019 г.

Истра, 25 апреля 2014 г.

KZ

MQ сорғы қондырмасы «Төменвольтты жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машина және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) Кеден Одағының техникалық регламенттеріне сәйкес сертификатталды.
Сәйкестік сертификаты:
№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.00687 жарамдылық мерзімі 24.04.2019 жылға дейін.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-
центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

98735781 1014

ECM: 1144284

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

